

Дәріс №5. Қазақ тілін оқытуды ұйымдастыру. Сабақ – оқуды ұйымдастырудың негізгі формасы.

Жоспар:

1. **Сабақтағы басты тұлға – мұғалім**
2. **Сабақ өтудің жалпы дидактикалық талаптары**
3. **Сабақтың мәні мен мақсаты**

Тірек сөздер: дидактика, білім беру, әдістеме, этика.

1. Сабақтың құрылымдық элементтері

«Сабақ – оқытудың, білім берудің негізгі формасы, оқу процесінің бір бөлегі, педагогикалық шығарма». Сабаққа қандай анықтама берілмесін, оның негізгі мақсаты – оқушыларға білім мен тәрбие беру. Сабақтағы басты тұлға – мұғалім. Сондықтан сабақтың сапасы ең алдымен мұғалімнің теориялық дайындығына, әдістемелік шеберлігіне байланысты. Яғни мұғалім сабақтың мезанизмін, сабақтың мақсатын, оған қойылатын дидактикалық принциптерді, құрылымдық элементтерін, типтері мен түрлерін, бағдарламаны, оқулықтың құрылымын, жоспардың түрлерін,, т.б. жақсы білуі қажет.

Мектепте өтілетін әр сабаққа жалпыдидактикалық және жекедидактикалық немесе әдістемелік талаптар қойылады. Жалпыдидактикалық талаптарға : 1. Құрылымдық жағынан анық, айқын болуы. Атап айтқанда сабақты ұйымдастыра білу, соған орай сабақтың әр кезеңінде оқушылармен істелінетін жұмыстардың нақтылығы, белгілі бір мақсатты көздеу, сабақты қорыта білу т.б.

2. Мұғалімнің даусының жағымды, сыныптың көлеміне сай, сөздері айқын, мәнерлі болуы.
3. Сыныппен тығыз қарым-қатынаста, байланыста болуы. Оқушылардың зейінін негізгі мәселеге аудара білу, қызығушылығын арттыру, әр оқушының сабаққа қатысып, материалды дұрыс, саналы түсінгендерін қадағалап отыру т.б.
4. Сабақты белгілі бір қалыптасқан қарқынмен өткізу. Көпсөзділікке жол бермеу, қажетті әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдай білу, сұрақтың анық, айқын болуы, қайталаудың жүйелі жүргізілуі, бірсарындылықтың болмауы, т.б.
5. Педагогикалық қырағылық: оқушылардың жауабын дұрыс бағалау, қателерін дер кезінде түзете білу, оқушылардың тегіс жұмыс істеуі, т.б.
6. Көрнекі құралдар мен тақтаны дұрыс пайдалану білуі.
7. Мұғалімнің этикасы.

2.Сабаққа қойылатын негізгі талаптар.

Сабақ – оқытудың сыныптық-сабақтық жүйесінде педагогикалық үрдістің аяқталған бөлігі. Н. М. Верзилиннің бейнелеп айтуы бойынша,

«сабақ – ол күн, оның айналасында айналып жүрген планеталар – оқу сабақтарының барлық басқа түрлері».

Сабақ дегеніміз не?

Бүгінгі күні бұл сұраққа жауап беру қиынға соғып отыр. Осы уақытқа дейін педагогика ғылымының басымы болып жеке көзқарас бойынша сабақ оқыту, тәрбие беру, оқушыларды дамыту міндеттерін шешу үшін жүйелі белгілі бір мерзімдегі мұғалім мен оқушының тұрақты құрамының әрекетінің ұйымдастыру формасы. Сабақ дегеніміз – бір топта оқитын, жас мөлшерлері шамалас, құрамы қалыпты, жалпыға бірдей оқыту бағдарламасы мен сабақ кестесі бар оқытуды ұйымдастырудың формасы. Осы түрде оқу-тәрбие үрдісінің барлық компоненттері көрсетіледі: мақсаты, мазмұны, құралдар, әдістері, ұйымдастыру және басқару әрекеттері, ұйымдастыру қызметтері және оның барлық дидактикалық элементтері. Сабақтың мәні мен мақсаты оқыту барысында біртұтас динамикалық жүйе ретінде мынаған тіреледі: мұғалім мен оқушылар білім алады, іскерлікті, дағдыны қалыптастырады, қабілеттерін дамытады, әрекет ету тәжірибесін, араласу мен қарым-қатынас жасауды үйренеді, сонымен қатар мұғалімнің педагогикалық шеберлігі жетілдіріледі.

Әрбір сабақтың басталуы – мұғалімнің сабақ нәтижесінде не алуды мақсат ететіндігін айқын анықтаудан, оны түсінуден басталады, сосын мұғалімге мақсатына жетуге көмек береді.

Сұрақтар:

- 1. «Сабақтағы басты тұлға – мұғалім» ұғымының мәнін ашыңыз.**
- 2. Білім берудің жалпы дидактикалық және жеке дидактикалық талаптарына тоқталыңыз.**